

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент»
Мақтаарал аудандық ауруханасының 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама**

Атакент кенті

27.08.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық аурухана (бұдан әрі - Аурухана) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 20 наурыздағы № 88 н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері және басшылары:

Джурабекова Сәуле Илиясовна Аурухана басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары – топтың төрайымы, Құрақбаева Сәуле Жұмановна, Айдаров Нұрбол Жолдыбаевич, Егембердиев Аязбек Бахрамович, Есенбеков Қожахмет Айтуганович, Дүйсенов Асан Қуанышович, Жұманов Тұрар Тынышбекұлы.

3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2023 жылдың наурыз - мамыр аралығы.

4. Ішкі талдау қамтыған кезең:

2021, 2022 және 2023 жылдың 4 айы.

5. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- 1) Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделмеген құжаттардың талаптарында көрінетін бұзушылықтар;
- 2) Мамандар сертификатының болмауы немесе қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) Мамандардың біліктілігін арттырудан өту мерзімдерінің аяқталуы.

«Мүдделер қақтығысы» бойынша:

Мүдделер қақтығысы түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Осы тәуекелді талдау туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы адамдардан басшының атына хабарлама жоқ екенін көрсетеді. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысының пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Талдау көрсеткендей, кәсіпорында басшының жақын туыс қызметкерлері жоқ.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес, басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары Н.Сапарбекова, Н.Нурашевтың лауазымдық міндеттерінде ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілді, шаруашылық меңгерушісі Т.Мәліктің лауазымдық міндеттеріне әкімшілік-шаруашылық функциялары бар.

Ауруханада шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы

31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Аурухана басшысымен 2021 жылы – 2785 бұйрық, 2022 жылы – 2910, 2023 жылдың 5 айы 626 бұйрық шығарылған.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2021 жылы – 31 адам қабылданды (9 дәрігер, 17 мейірбике 5 өзгеде мамандар) 1 адам көтермеленген (1 емхана аға мейірбикесі);

2022 жылы 25 адам қабылданды (5 дәрігер, 15 мейірбике 5 өзгеде мамандар)

2023 жылы 5 айында 10 адам қабылданды (1 дәрігер, 8 мейірбике 1 өзгеде мамандар)

Аурухананың кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізілуі:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық аурухана өңірдегі денсаулық саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын-алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы және «InCraft» ЖШС бірлесіп облыс аумағында денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіруде 2023 жылдың **екінші жартыжылдығынан** толық іске асыру жоспарлануда.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды:

Медициналық мекеме бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys SmartNation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу - үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірбиелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады.

Ауруханаға қарасты денсаулық сақтау ұйымдарының аға дәрігерлерін ротациялау:

Аудан аумағында ауруханаға қарасты денсаулық сақтау мекемелерінде аға дәрігерлері ұзақ жылдары бойы (**5 жылдан астам**) бір ұйымды басқаруы, кей жағдайларды сол мекеменің тұралап қалуына және сыбайлас жемқорлыққа жағдайлары кең орын алу қауіпі орын алады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» мүдделер қақтығысы (жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық

өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін).

Мүдделер қақтығысы адамның немесе ұйымның жеке мүдделері олардың іс әрекеттері, пікірлері және / немесе шешімдер қабылдауы объективті бола алмайтындығы туралы сұрақ туындаған кезде пайда болады.

Медициналық ұйымдардың басшыларын ротациялау туралы реттеуші нормативтік құқықтық акті жоқ.

Ротациялау тек «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге ғана реттелген.

Осыған байланысты, бағынысты медициналық ұйым басшыларын ротациялау туралы қағида бекіту ұсынылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасын негізге алып оқу семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүмкіншілік болмай отыр.

Себебі: «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңында 41 баптың 1-тармағына сәйкес, осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады делінген.

Осыны негізге алып Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментті рұқсат бермей отыр.

Сол себепті сатып алу өткізуге тура келеді, алайда сатып рәсімдері ұзақ уақыт алып қаржы уақытылы игерілмеу қауіпі бар.

Атап айтсақ баға ұсыныстары арқылы сатып алу өткізген жағдайда;

- Хабарландыру 5 жұмыс күн порталда тұрады;
- Қорытынды шыққаннан кейін келісім шарт өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 5 күн ішінде келісім береді;
- Келісім шартқа қол қойып өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 3 жұмыс күні ішінде қол қояды.

Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін 3 % төлеуге берілетін уақыт 10 жұмыс күн, ол кезде 3 % құймаса тағы 2 жұмыс күн уақыт беріледі. Өнім беруші 3 % төлемесе екінші өнім берушіге жіберіледі келісім шарт ол жақтада осындай уақыт алады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 41-бабының 4-тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс

берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген заң талаптарын негізге алып сатып алуға мүмкіншілік болмаған жағдайда, бір көзден келісім шартқа тұруға ықпал жасалыну қажет.

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1. Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan" – пен түзген № 090940018516/220189/00 2022-09-02 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 160 000,00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу Заңының 1- тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (*көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкесбәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

2. Кәсіпорынның ТОО "Центр профессионального обучения "Табыс" – пен түзген № 090940018516/220182/00 2022-09-05 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 415 900,00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу Заңының 1- тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (*көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкесбәсекелестік ортады жүргізуге міндеттеледі.

3. Кәсіпорынның ТОО "Центр профессионального обучения "Табыс" – пен түзген № 090940018516/220179/00 2022-08-23 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 415 900,00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу Заңының 1- тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (*көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкесбәсекелестік ортады жүргізуге міндеттеледі.

4. Кәсіпорынның ТОО "Стандарт ЛК" – пен түзген № 090940018516/220173/00 2022-08-04 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісімшарт соммасы 200 000,00 теңгені құрайды.

Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу Заңының 1- тармағының 41-бабын, 39-бабының 3-тармағын (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді*), 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын (*көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады*) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкесбәсекелестік ортады жүргізуге міндеттеледі.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында

Мақтаарал ауданы бойынша медициналық ұйымдар толығымен компьютерлік техникамен қамтамтылған.

кент және ауыл орталықтары интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды, аудан орталығының **26 ауылдық округтерінде** интернетке желісімен **95%** қамтылған, 4 нысыны кезеңімен 2023 жылдың соңына таман **100%** дейін қамтамасыз ету жоспарлануда. Мемлекеттік медициналық ұйымдар медициналық ақпараттық жүйесіне (әрі қарай – МАЖ) қосылған.

Аурухана бойынша 2 медициналық ақпараттық жүйесі (*ДАМУМЕД, КӨМЕК*) қосылған.

Медициналық ұйымдар «Дамумед» және жедел медициналық жәрдем станциясы «Көмек» ақпараттық жүйелерімен жұмыс жасауда. «Дамумед» және «Көмек» МАЖ арасында және науқастарға сапалы әрі жедел медициналық қызмет көрсету мақсатында интеграциялау жұмыстары жүргізілген.

Дәрігерлер және орта буын қызметкерлері медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, аудан тұрғындары түгелімен электронды паспорты қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылды. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілді. Емханада науқастарға цифрлық көмек көрсету посттары және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орнатылып, электронды түрде қызметтер алуда.

Қағазсыз құжат айналымы: Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілген. (*электрондық нұсқаға ауыстырылған - Көлік құралдарын басқаруға рұқсат беру туралы медициналық анықтама, - алдын ала медициналық тексерілуден өту, еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, еңбекке жарамсыздығы туралы парағы және т.б.*)

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерін (*оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер*) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың екінші жартыжылдығынан толық іске асыру жоспарлануда;

2. Ауруханаға қарасты медициналық ұйымдардың аға дәрігерлерін ротациялау туралы қағида бекіту туралы ұсыну;

Жұмыс тобының мүшелері:


С.И. Джурабекова 

С.Ж Құрақбаева 

Н.Ж. Айдаров



А.Б. Егембердиев



Қ.А. Есенбеков



А.К. Дүйсенов



Т.Т Жұманов

